



Жем қаласы Бейбітшілік көшесі, 7 құр-с
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru
zhem5orta_mektep@mail.ru

г. Жем ул. Бейбитшилиқ, 7 стр-е
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта:

«31» 08 2022 ж

№140/5

«31» 08 2022 г

2022-2023 оқу жылының басталуы туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасының «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» 2022 жылғы 26 тамыздағы №270 бұйрығы және Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 27.08.2022 жылғы №1-565/1 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына:

1.1. Жаңа 2022-2023 оқу жылына дайын болуы қамтамасыз етілсін.

1.2. Мектепте оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылданын;

1.4. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын;

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы мұғалімдерге, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Жем қаласының №5 ЖББОМ-нің 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11(12) –сыныптарда : күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан- 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында).

1- сыныптарда қосымша каникул – 7күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

1.6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.8. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры:

А.А.Жакасов

А.А.Жакасов



Жем қаласы Бейбітшілік көшесі 7 құр-с
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru

г. Жем ул. Бейбитшилик 7 стр-е
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421
Эл.почта: zhem5orta_mektep@mail.ru

« 27 » 04 2023 ж.

№ 44

« 27 » 04 2023 г

**2022-2023 оқу жылын аяқтау
білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан өткізу
мерзімдерін бекіту туралы**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» ММ-нің 25.04.2023 жылғы №1-434 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығы, және «Ақтөбе облысының білім басқарма басшысының 18.04.2023 жылғы №173 бұйрығына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 1) Жем қаласының №5 ЖББОМ оқу сабақтарының аяқталуы – 2023 жылғы 31 мамыр;
2. 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2023 жылғы 2 – 13 маусым аралығы;
3. 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5 – 19 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін:

- 1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;
- 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
- 3) қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) - 2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін:

- 1) қазақ/орыс/ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
- 3) қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын), информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2023 жылғы 19 маусым.

6) 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатындағы ұйымдастыру іс-шаралары ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.

7) Жем қаласының №5 ЖББОМ-де ағымдағы жылғы 31 мамыр күні оқу жылын аяқтау, 20-22 маусым күндері жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізілсін, әр білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету қатаң бақылауға алынсын.

8) Мектепте ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

9) Ұлттық білім беру деректер қоры мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қатаң бақылауға алынсын.

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Жем қаласының №5 ЖББОМ-нің 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2022 жылғы 25 мамырға дейін жеткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген тәртіппен жұмысты жүргізу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар м.а. В.А.Сарсеноваға жүктелсін.

1) Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлердің оқу пәндерінен емтихан тапсыру барысында академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін қадағалау, жазбаша емтихан жұмыстарын қарау шаралары ұйымдастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



А.А.Жакасов

А.А.Жакасов